

## Абай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 12 сессиясының 2009 жылғы 19 наурыздағы N 12/151 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 сәуірде N 8-9-57 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы мәслихатының 6 сессиясының 2012 жылғы 8 маусымдағы N 6/58 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы мәслихатының 6 сессиясының 2012.06.08 N 6/58 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Абай ауданында иттер мен мысықтарды санитарлық ұстауды ретке келтіру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының негізінде Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Абай ауданында иттер мен мысықтарды ұстаудың ұсынылған Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж. Темірқұлов

А б а й а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы

Б. Цай

"КЕЛІСІЛДІ"

" А б а й а у д а н ы б о й ы н ш а  
м е м л е к е т т і к с а н и т а р л ы қ  
- э п и д е м и о л о г и я л ы қ қ а д а ғ а л а у "

мемлекеттік мекемесінің бастығы Г. Дәуітпаева

" А б а й а у д а н ы н ы ң а у ы л  
ш а р у а ш ы л ы қ б ө л і м і " М М

бастығының міндетін атқарушы М. Көлбаев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ М и н и с т р л і г і н і ң  
а г р о ө н е р к ә с і п т і к к е ш е н і н д е г і

	мемлекеттік	инспекция	Комитетінің
	Абай	аудандық	аумақтық
инспекциясының бастығы		М. Нұрбеков	
	Абай	ауданы	ішкі істер
басқармасының бастығы		Т. Нұрғалиев	
Абай	аудандық		мәслихатының
2009	жылғы	19	наурыздағы
12	кезекті		сессиясының
N	12 / 151		шешімімен
бекітілген			

**Абай ауданында  
иттер мен мысықтарды ұстау  
ЕРЕЖЕСІ**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Абай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңына сәйкес, Абай ауданы тұрғындарының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығын сақтау, аудан тұрғындарын адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ бірге тұруға қолайлы жағдай жасау мақсатында әзірленді.

2. Осы Ережеде төмендегі түсініктер қолданылады:

1) қаңғыбас ит пен мысық - иесін анықтау мүмкін емес, сондай-ақ иесінен қашып кеткен, иесі немесе жауапты тұлға тарапынан қадағалаусыз жүрген тіркелмеген үй жануары;

2) ит пен мысықтың иесі - меншігінде немесе өзге иелікте иті немесе мысығы бар жеке немесе заң тұлға;

3) иттер мен мысықтарды серуендету - иесінің меншігі болып табылатын немесе иесінің басқа тұлғаға жалға берген иттер мен мысықтардың жайдан тыс болуы, сондай-ақ иттер мен мысықтардың арнайы бөлінген аумақтарда болуы;

4) қоғамдық орындар – адамдардың көп жиналатын немесе адамдардың жиналуы мүмкін орындар, оның ішінде көшелер, скверлер, саябақтар және

азаматтардың демалатын өзге орындары, шомылатын жерлер, стадиондар, сауық шаралары жүргізілетін орындар;

5) мысық – мөлшеріне, түсіне және өзге ерекшеліктеріне қарамастан, мысық тұқымдас үй жануары;

6) ит – мөлшеріне, түсіне және өзге ерекшеліктеріне қарамастан, қасқыр тұқымдас үй жануары;

7) иттер мен мысықтарды ұстау – иттер мен мысықтардың өмірін, олардың жеке саулығын сақтау үшін, ветеринарлық-санитарлық қолайлы жағдайларды ұстана отырып, толыққанды тұқым алу, сондай-ақ адамдардың және жануарлар әлемінің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ит пен мысық иелерінің іс-әрекеттері.

## 2 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау

3. Мыналарға:

1) тұрғын үйлерде иттер мен мысықтарды ұстауға;

2) иттерді тұмылдырықпен (декоративтік иттерден басқалары) және қысқа бауда иттер мен мысықтардың нәжісін жинап алатын ыдысы бар болғанда серуендетуге;

3) қоршалған аулаларда, арнайы үйрететін алаңдарда және осы мақсаттарға арналған еркін серуендету орындарында итті баусыз және тұмылдырықсыз серуендетуге жол беріледі.

4. Мыналарға:

1) көпшілік пайдаланатын орындарда: кіреберістерде, баспалдақтарда, сондай-ақ балкондар мен лоджияларда иттер мен мысықтарды ұстауға;

2) иттер мен мысықтардың нәжістерімен кіреберістерді, баспалдақтарды, спорт және балалар алаңдарын, сондай-ақ қоғамдық орындарды ластауға жол берілмейді. Егер осы орындарда жануарлар нәжістерін қалдырған болса, оларды иттер мен мысықтардың иелері жинауы керек;

3) иттер мен мысықтарды қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына, сауда залдары мен азық-түлік дүкендеріне кіргізуге;

4) иттер мен мысықтарды қоғамдық шомылатын орындарда, субұрқақтарда, сулы жерлер мен су жинағыштарда шомылдыруға;

5) балалардың алаңқайлары және спорт алаңдарында, қоғамдық шомылатын орындарда, тоғандарда, субұрқақтарда, сулы жерлер мен су жинағыштарда, мектеп жасына дейінгі және оқу орындарының, емдеу мекемелерінің аумақтарында, саябақтарда және қала тұрғындарының жаппай демалатын басқа орындарында, сондай-ақ халық жиналатын орындарда және қоғамдық шараларды өткізетін орындарда, адамдарды құтқару бойынша, сондай-ақ

қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жұмысты орындаушы қызметтік иттерден басқа және жанары әлсіз адамдарды ертіп жүретін иттерден басқа иттерді серуендетуге жол берілмейді.

5. Иттер немесе мысықтар өлген жағдайда олардың өлігін малқорымына көму ( у т и л д е у ) қ а ж е т .

6. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау белгіленген тәртіпте өкілеттіктермен беріліп, жергілікті атқарушы органдармен оның құзыретіне с ә й к е с ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

7. Иттер мен мысықтардың иелері айналадағы адамдарды жануарлардан сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті шараларды қолдануға: аула иттерін арнайы бөлінген орындарда байлап ұстауға және ескерту тақтасының бар болуына міндетті.

### **3 тарау. Қорытынды ережелер**

8. Осы Ережені бұзған жеке және заң тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.